

Ж.А. АҒАБЕКОВА¹, А.А. АЛМАСБЕК²¹филология ғылымдарының кандидаты, ассистент профессор
Назарбаев Университеті (Қазақстан, Астана қ.), e-mail: zhazira.agabekova@gmail.com²филология ғылымдарының докторы, профессор
А. Байтұрсынұлы ат. Қостанай өңірлік университеті
(Қазақстан, Қостанай қ.), e-mail: absalmas@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОСЖЫНЫСТЫ ЕСІМДЕР

Аңдатпа. Адамзат өмірінде зорлық-зомбылықты болдырмау, ізгілікті өмір сүру принциптерін жандандыру, болашақ ұрпаққа әділетті заманды аманат етуде әйел мен ер арасындағы теңсіздікті жою тенденциясы бірінші орынға шығуы тиіс. Осы бағытта аталған тақырыпты жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерттеу мәселесі өзекті болып отыр. Заманауи зерттеулерде тілдердегі жаңа термин мәселесі әрқашан алдыңғы орынға шығатыны ақиқат. Осы мақалада сөз болатын «қосжынысты» термині ғылыми ортада алғашқы рет жарияланып отыр. Қазақ тілінде тек категориясы болмағандықтан арнайы тілдік ережелерде қарастырылмайды. Бірақ кісі есімдерінің формасында текті көрсететін кейбір элементтер бар. Соған байланысты қазақтарда балаға есім бергенде жынысына байланысты таңдауға тырысады. Дегенмен кейбір есімдер өмірге келген ұлға да, қызға да беріле береді. Осы мақалада қазақ тіліндегі қосжынысты есімдердің таралу себептері мен олардың бала психологиясына, адамның қоғамда бейімделуіне әсер етуіне байланысты зерттеулер туралы айтылады. Қазақ тіліндегі кездесетін қосжынысты есімдерді зерттеудің өзектілігі мен қажеттілігі туралы материалдар сараланып, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақ халқындағы балаға есім берудегі ерекшеліктер анықталады. Қосжынысты есімдер туралы зерттеулерге шолу жасалып, басқа халықтардағы формалары салыстырылады. Ол есімдердің қазақ тіліндегі жасалу формасы мен құрылымы анықталады, осындай есімдер жасайтын тілдік бірліктер салыстырылады. Қосжынысты есімдердің қазақ тіліндегі лексика-семантикалық мағыналары ажыратылып, есімдердің бала психологиясындағы бейнесі көрсетіледі, қоғамда бейімделуіне әсер ету фактілері анықталады. Оны көрсету үшін жасалған сауалнама нәтижелері талданады.

Кілт сөздер: ономастика, антропонимдер, қосжынысты есімдер, қазақ тілі, қыз есімі, ұл есімі.

Ж.А. Агабекова¹, А.А. Алмасбек²¹кандидат филологических наук, ассистент профессор
Назарбаев Университет (Казахстан, г. Астана), e-mail: zhazira.agabekova@gmail.com²доктор филологических наук, профессор
Костанайский региональный университет им. А. Байтұрсынұлы
(Казахстан, г. Костанай), e-mail: absalmas@mail.ru

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Агабекова Ж.А., Алмасбек А.А. Қазақ тіліндегі қосжынысты есімдер // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №2 (136). – Б. 42–53. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.192>

*Cite us correctly:

Agabekova Zh.A., Almasbek A.A. Qazaq tilindegi qoszhynysty esimler [Unisex Names in the Kazakh Language] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №2 (136). – B. 42–53. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.192>

Мақаланың редакцияға түскен күні 05.10.2024 / қабылданған күні 30.06.2025

Унисекс имена в казахском языке

Аннотация. В жизни человечества предотвращение насилия, возрождение принципов гуманного существования и обеспечение справедливого мира для будущих поколений требуют устранения неравенства между женщинами и мужчинами. В этом направлении становится актуальной всесторонняя научная проработка данной темы. В современных исследованиях вопрос новых терминов в языках всегда выходит на первый план, и это неоспоримый факт. В данной статье впервые в научной среде представлен термин «унисекс имена»

В казахском языке отсутствует специальная категория, посвященная только роду, и, следовательно, эта тема не затрагивается языковыми нормами. Тем не менее существуют элементы, которые единообразно отображаются в форме личных имен. В казахстанском обществе при выборе имени для ребенка учитывается его пол, но есть имена, которые могут быть предоставлены как мальчикам, так и девочкам. В данной статье рассматриваются причины исследования унисекс имен в казахском языке, их влияние на психологию ребенка, а также их роль в социальной адаптации личности в обществе. Исследования по унисекс именам в казахском языке систематизированы, а также проведено сравнение с аналогичными формами в других культурах. Особое внимание уделено структуре и созданию лексико-семантических значений унисекс имен в казахском языке, а также выявлены факторы, влияющие на социокультурную адаптацию личности. Для подтверждения выводов был проведен опрос с использованием специально разработанного опросника.

Ключевые слова: ономастика, антропонимы, унисекс имена, казахский язык, мужское имя, женское имя.

Zh.A. Agabekova¹, A.A. Almasbek²

¹*Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor
Nazarbayev University (Kazakhstan, Astana), e-mail: zhazira.agabekova@gmail.com*

²*Doctor of Philological Sciences, Professor
A. Baitursynuly Kostanay Regional University
(Kazakhstan, Kostanay), e-mail: absalmas@mail.ru*

Unisex Names in the Kazakh Language

Abstract. In human life, the prevention of violence, the revival of principles of humane existence, and the creation of a just world for future generations require eliminating inequality between women and men. In this context, comprehensive scientific exploration of the topic becomes increasingly relevant. In contemporary research, the issue of new terms in languages always takes center stage, which is an undeniable fact. This article introduces, for the first time in the scientific community, the term “unisex names”.

In the Kazakh language, there is no specific category dedicated solely to gender, and therefore, this topic is not addressed by language norms. Nevertheless, there are elements that consistently manifest in the form of personal names. In Kazakh society, when choosing a name for a child, their gender is taken into account, but there are names that can be given to both boys and girls. This article explores the reasons for studying unisex names in the Kazakh language, their impact on a child's psychology, and their role in the social adaptation of an individual in society. Research on unisex names in the Kazakh language has been systematized, and a comparison with similar forms in other cultures has been conducted. Special attention is given to the structure and creation of lexical-semantic meanings of unisex names in the Kazakh language, and factors

influencing the sociocultural adaptation of the personality have been identified. To validate the findings, a survey was conducted using a specifically designed questionnaire.

Keywords: Onomastics, Anthroponyms, Unisex Names, Kazakh language, Male name, Female name.

Кіріспе

Қоғамдағы келеңсіз оқиғалар мен ұрпақтың тозуы жақсы, үлгілі тәрбиенің жоқтығы мен дұрыс берілмеген білімге байланысты болары анық. Сауатты әрі тәрбиелі ұрпақ кез-келген қиын мәселенің шешімін оймен, ақыл-парасатпен, білімімен шеше алады. Сауаттылықтың негізінде ескі мен жаңаны салыстыра отырып, келелі анализ жасалған білімді өз қоғамына пайда келтіретіндей етіп қолдану жатса, тәрбиеліктің іргетасы ғасырлар бойы қалыптасқан салт -дәстүрде, ұлттық құндылықтар арқылы қалыптасады. Әлем халықтарының мәдени, тарихи, әлеуметтік өмірінен бай да нақты ақпарат беретін тілдік артефактілердің бірі онимдер. Онимдердің маңыздылығы ғылымның көптеген салаларынан көрініс тауып отыр. Қазіргі уақытта ономастиканың жоғары оқу орындарында да жеке пән ретінде оқытыла бастауы соның дәлелі. Г.С. Сулейменова ономастиканың жоғары оқу орындарында студенттеріне оқытудың тиімділігі туралы зерттеу жүргізе келе, оның пәнаралық аспектісіне жан-жақты талдау жүргізеді [1].

Онимдердің ішіндегі адам санасымен, халықтың танымымен өмір сүру философиясы арасындағы байланысты көрсететіні – кісінің есімдері. Кісі есімдерін ономастиканың антропонимдер саласы зерттейді. Антропонимдерге адамзатты бірінен бірін ажыратып тұратын жеке есімінен бастап шыққан тегіне байланысты барлық атаулар кіреді. Сонымен қатар лақап аттар мен бүркеншік есімдер, әкесінің және анасының тарапына қатыстылығын білдіретін атаулар да антропонимдерге қатысты. Кісі есімдерінің басқа онимдік бірліктерден ерекшеліктерінің бірі-адам алғашқы рет өзіне есім бере алмайды. Кейбір елдердің кісі есімін беру ережелері мен түрлі заңнамаларына байланысты белгілі бір жасқа келгенде ғана адам өз есімін өзгерте алады. Халықтың мәдениетіне және өмір сүру стиліне сай әр мемлекетте кісі есімдеріне қатысты арнайы ереже немесе заңнамалар бар. Германия, Швеция, Дания, Исландия, Норвегия, Финляндия, Португалия, Қытай сияқты дамыған елдерде өмірге келген сәбиге есім беру, оны белгілі жаста ауыстыруға болатынын анықтайтын антропонимиялық заңдар мен ережелер, ресми құжаттар қолданылады. Германия, Португалия, Финляндия елдерінде баланың аты арқылы оның қандай жынысқа қатысты екенін білетін болса, Швецияда тарихи тұлғалардың, әйгілі шетелдіктердің, көркем әдебиеттегі кейіпкерлердің және атақты сауда брендтерінің атауларын алуға болмайды [2]. Бірнеше мемлекеттер сәби өмірге келгенде қойылатын кісі есімдерін жинақтап, арнайы тізімдер жасаған. Данияда сәбилерге жағымсыз немесе лайықсыз берілуінен қорғау үшін “Жеке есімдер туралы” қатаң заң қабылдаған. Бұл заң ата-анасының біреуі даттық отбасылардың бәріне қатысты. Баласына есім бергенде, ата-ана алдын ала қаралған 7000 есімнен (3000 ұл, 4000 қыз) тұратын тізімнен таңдай алады немесе оған кірмейтін есім болса, жергілікті шіркеуден рұқсат сұрайды. Рұқсат берілмеген жағдайда Копенгаген Университетінің Аттарды зерттейтін Департаментіне ұсынылады [3]. Германияда –«Name Declaration for a Child» атты тізім болса, Швецияда 1982 жылы «әулетті емес» отбасылардың өз балаларына «әулетті» есімдер бермеу үшін «Адамның жеке есімі туралы» заң қабылданған. Бұл Заң бойынша: «адамның есімі оған жайсыздық туғызбауы керек және нақты себептер бойынша адамның есімі бола алмайтын болса, онда бұл ат қабылданбайды». Бұл аттар Салық Агенттігіне (Tax Agency) тапсырылуы міндетті. Швецияда «Адамның жеке аты туралы» заңы шыққан кезде бір ата-ана осы заңға қарсылық көрсету ретінде өз баласына «Brfxxccxxmnpccccllmmnprxvclmncssqlbb11116» (айтылуы «Албин») деген есім бергісі

келді. Бірақ бұл есім қабылданбады. Келесі «А» есімін ұсынады, ол екінші ретінде де қабылданбады. Осылай бес жасқа келген баланың есімді тіркеу мерзімі өтіп кеткендіктен ата-анаға \$2000 мөлшеріндегі айыппұл төлеуге тура келеді [4]. Исландияда «Жеке аттарға байланысты комитет» 1991 жылдан бастап жұмыс істейді. Бұл комитет балаға таңдалған есімді тіркеу, қабылдау мәселесімен айналысады. Егер ата мен ана өз баласын «Адамдардың Ұлттық тіркелу» (National Register of Persons) тізіміне кірмейтін атпен атағысы келсе, олар сол жерге тапсырыс беріп, сыйақы төлейді. Ереже бойынша жаңа есім бірнеше тексерістен өтеді: исландық әліпби әріптерінен ғана тұруы, исланд тілінің грамматика, орфография, орфоэпия ережелеріне сәйкес болуы қажет. Мысалы «Харриет» және «Дункан» тілдік ережелерге сәйкес келмегендіктен қабылданбаған [5]. Кісіге есім беру туралы заңдар мен ережелердің пайда болуы, олардың аясының кеңеюі, сәбиге есім берудің жылдан жылға ресми және саяси маңызының жоғары болып отырғандығы, баланың қоғамдағы құқығына жауапкершілікпен қараудың артып отырғандығын көрсетеді.

Әлемде жүріп жатқан технологиялық революция адамзатты кез-келген нәрсеге байыппен қарап, қызықты жаңа идеялармен байланыстыруды қажет етіп отыр. Тіл білімінің антропонимдер саласы да жедел және жан-жақты дами бастады. Ата-аналардың көпшілігі баласына есім бермес бұрын түрлі зерттеулер жүргізетін болды. Есімдердің мағыналарына назар аударып, есімдердің басқа тілдегі мағынасын зерттеп, халықтар мәдениетіндегі орындарын қарастыратын жауапты міндетке айналды. Адамзаттың өмір сүру философиясының өзгеруі халықтардың ғасырлар бойы сақталып келе жатқан кейбір әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері мен ырымдарына да әсері тиюде. Осы мақала тақырыбын зерттеуге түйткіл болған бірнеше мәселелер болды. Қазіргі уақытта түркі тілдері ономастикалық терминологиясын жинақтау, қалыптастыру және жарыққа шығару жұмыстары жүзеге асырылуда. Осы терминологияның арасында «юнисекс есімдер» ортаға шықты. Бұл термин индоеуропа немесе еуропаның басқа да тілдерінен енгені анық көрінеді. Жаһандану кезеңіндегі мәдениеттердің араласуы арқылы қолданысқа еніп жатқан сөздердің бірі екен деп қалдыруға бет бұрмай, ол туралы зерттеулер жүргізіп, оның түркі тілдері зерттеулерінде дұрыс көрінуін, айшықталуын, ғылыми тілдік қорға сауатты енуін қаладық. Түркі тілдеріндегі тек категориясының әлеуметтік және биологиялық ерекшеліктері ғылымда нақтыланған. Бірақ ғылым бір орында тұрмайды. Технологияның жедел дамуы мен әлемдегі халықтардың еркін араласуы қай тілдің болса тілдік қорына жаңа сөздер мен терминдердің қосылуын тудырып отыр. Біздің мақсатымыз осы сөздер мен терминдердің тілдің ерекшелігі мен оны қолданушы әлеуметтік ортаға байланысты дұрыс енуіне мұрындық болу. Антропонимиядағы «юнисекс» деп аталатын терминнің қазақ тіліне тура солай еніп-енбеуі, қолданыста болу-болмауы терең зерттеуді қажет етеді. Қазіргі уақытта осы терминді «болады» немесе «болмайды» қоя салғанымен кейбір орта (әсіресе жастар жағы) оны ешкімнің рұқсатынсыз-ақ қолданып жүр. Оған дәлел ретінде осы мақалада негізгі деректердің бірі ретінде алынған әлеуметтік желіні айтуға болады. Сондықтан осы мақала ұғымды нақтылау, қазақ тіліндегі ерекшеліктерін зерттеу бойынша алғашқы қадамдардың бірі болып отыр. Аталған мақаланың негізгі мазмұны 2023 жылы ұйымдастырылған III Ономастикалық симпозиумда түркі халықтарының ономаст ғалымдары арасында талқыланып, жақсы кері байланыстар алынды әрі зерттеу үшін маңызды тақырып ретінде қолдау тапты. Бұл мақала әлі ашық және түркі ономастары арасында зерттеуді қажет етеді.

Балаларға текті анықтамайтын есім беруді сексизмді болдырмайтын және өз тегін анықтауға септігін тигізетін фактор ретінде атап өтуге болады. Қазақстанда кең таралған қосжынысты есімдер басқа елдердің мәдениетінде де кездеседі. Бірақ осы есімдердің қалыптасуы мен олардың қолданылуының әр елде түрлі аспектілері бар. Мариана Берtrand пен Сендил Мулайнасан «Are Emily and Greg More Employable Than Lakisha and Jamal? A Field Experiment on Labor Market Discrimination» (Эмили мен Грег Лакиша мен Джамалға

қарағанда жұмысқа жарамды ма? Еңбек нарығындағы кемсітушілікке арналған далалық эксперимент)» атты мақалада кісіні жұмысқа алғанда оның есімі арқылы халықтардың, оның ішінде «ақ» нәсілдер мен афро-американдық нәсілдер арасында кемсітушіліктер бола ма деген зерттеу жүргізген [6]. Ол зерттеу бойынша түйіндемелерді дайындап өте көп жерлерге жібереді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде афроамерикалық есімдері бар жұмысқа орналасуға үміткерлер жіберген әрбір түйіндемесі үшін әлдеқайда аз кері байланыс алғандығы анықталады. Сондай-ақ, афроамерикалық есімдері бар үміткерлерге бұл кедергіні жеңу қиынға соғатыны айтылады. Осы тұрғыдан алып қарағанда еңбек нарығында адамның аты-жөніндегі «гендерлік белгілер» де белгілі рөл ойнайтыны көрініп отыр. Ермек деген жолдасымыздың жұмысқа келгенде бастығы «сенімен хат жазысып жүргенде мырза деп жазып жүргенім үшін кешірім сұраймын» деп күлген деген әңгімесі де есімнің әлеуметтік аспектідегі маңыздылығынан хабар береді. Осы жағдайлар да тақырыпты таңдауға түрткі болды.

Түркі тілдерінде тектік категорияның анық көрінбеуіне байланысты қосжынысты есімдер маңызды емес деп жаба салуға болатын еді. Бірақ, түркі халықтарында ерлер мен әйелдерге бірдей қойылатын есімдер көп. Қазақстандағы кісіні атауға байланысты құрылымда кейде тегі мен есіміне қарап оның қыз немесе ұл екенін ажырату қиынға соғатыны бар.

Жаһандану кезеңінде әлемдік мәдениеттердің араласуымен қатар адамзатқа ортақ әлеуметтік проблемалар ашық талқылана бастады. Мәдениеттердің өзара алмасуы мен әлеуметтік жағдайға қатысты фактілер есім берудің заманауи тенденциясын қалыптастырды. Кісі есімдері қоғамның дамуындағы саяси-экономикалық жағдайларға байланысты мағыналық, тұлғалық, құрылымдық жағынан өзгеріп, дамып отырады. Қазақ қоғамындағы әлеуметтік өзгерістер кісі есімдерінің мазмұны мен құрылымына да жаңа бағыт алып келді. Сәйкесінше антропонимиялық зерттеулердің кеңеюіне игі әсерін тигізуде. Қазақ антропонимиялық жүйесінде жоғарыда айтып көрсеткендей «қосжынысты есім» термині қолданыла бастады. Әрі қарай олардың қазақ қоғамындағы көрінісін зерттеуге тоқталамыз.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Осы мақалаға негіз ретінде қазақ тіліндегі «қосжынысты есімдердің» алғашқы тізімі-«Qazaqgrammer» инстаграмм парақшасында 2022 жылы жарияланған «100 қазақша унисекс есім» алынды. Оның сипаттамасында «қызға да, ұлға да қойылатын есімдер» деп берілген. Осы жазбаға берілген 300 ден аса пікірлердің арасында берілген жүздікке ілінбей қалған есімдер де кездесті және олар аз емес еді. Ал кейбір пікірлерде қосжынысты есімдер екендігіне күмән келтіргенде де бар. Сонымен қатар, бұл есімдерді «унисекс» емес «нейтрал» деп те атауды ұсынады. Кейбір азаматтар осы тізімнен өз аттарының табылмағанына қуанса, екіншілері есімдерінің қос жынысты екенін көріп таң қалып отыр. Мақала зерттеу нәтижесіне жету барысында қосжынысты есімдердің қоғамдағы прогрессивті дамуын анықтау үшін хронологиялық әдіс қолданылды. Балаларға берілген есімдердің сандық көрсеткішін көрсету үшін сандық әдіс, есімдерді беру мен оны қабылдаудың психологиялық ерекшеліктерін және есімдерді мағыналық және құрылымдық жағынан талдау үшін лингвистикалық сапалық әдістер қолданылды.

Қазақ тілінде осы тақырып туралы арнайы зерттелген жұмыстар табылмады. Дегенмен антропонимдерге байланысты зерттеу жұмыстарында осы тақырыпқа байланысты ғылыми мағлұматтар кездеседі. Әйгерім Әлиакбарова «Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы заманауи қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация» атты докторлық диссертациясының екінші бөлімінде кісі есімдерін құрылымдық-сөзжасамдық тұрғыдан зерттей келе ер және әйел есімдеріне байланысты бөліп қарастырады. Сонымен қатар «Тілдік бірліктерді саралау нәтижесінде қазіргі қазақ антропонимиясында ұлға мен қызға қойылатын ортақ есімдер

кездеседі». Ә. Әлиакбарова аталған еңбегінде 66 есімді көрсетеді. Қазіргі уақытта «Ер және әйел антропонимдерін ажыратуға мүмкіндік беретін тек категориясына қатысты бір түбірден жасалып, -а жалғануы арқылы ажыратуға болатын заманауи есімдер қатары артқандығын атап өтуге болады: Айдан – Айдана, Алан – Алана, Даян – Даяна, Дидар – Дидара, Дияр – Дияра, Диляр – Диляра, Елжан – Елжана, Замир – Замира, Карим – Карима, Мүслім – Мүслима, Рашид – Рашида, Раян – Раяна, Ренат – Рената, Ризат – Риза, Руслан – Руслана, Сағи – Сағия, Салим – Салима, Саян – Саяна, Сұлтан – Сұлтана» [7, 60-б.].

Тілдердегі «қосжынысты есімдерді» зерттеу бойынша шет тілдерінде бірнеше ғылыми мақалалар жарияланған. Америкалық ғалымдар Бари Херберт пен Айлене Харпер есімдердегі тектік ерекшеліктер мен олардың қос жынысқа қойылуын зерттеген екі мақала жариялайды. Х. Бари пен А. Харпер 1993 жылы 1960–1990 аралығында туылған балаларға берілген есімдер бойынша зерттелген жұмыстың нәтижесін шығарса [8], 2014 жылы 1990–2010 аралығында туылған балалардың арасындағы қосжынысты есімдерді қарастырып екінші мақаласын жарыққа шығарады [9]. Осы зерттеулер бойынша 1960 жылы унисекс есімдері 1990 жылмен салыстырғанда әйелдерге қарағанда еркектердің арасында азырақ болғаны байқалады. Бұндай есімдер 1990 жылдан 2010 жылға дейінгі аралықта гендерлік артықшылықтың екі түріне бөлінді. Бұрынғы деректерде олардың көпшілігі алдымен еркек есімдері, кейін әйел есімдері болған. Х.Бари өз зерттеудің барысында балаларды ақ және қара аналардан туылғандар деп екі топқа бөліп қарастырады. Зерттеу барысында ғалымдар қосжынысты есімдердің арасында 1990 жылы ұлдарға көп берілген *Пэйтон*, *Эмерсон*, *Риз*, *Райли және Ангел* есімдері 2010 жылы қыздар арасында кең қойылғанын, ал *Джейден*, *Эштон және Дэвон* 2010 жылы әйелдерге қарағанда еркектер арасында көп кездескенін көруге болады. Зерттелген соңғы 20 жылдың ішінде көбінесе қосжынысты есімдердің қолданылуы қыздар арасында көбірек болғанын көрсетілген. Авторлар сонымен қоса зерттеулерінде есімдерді фонетикалық жағынан қарастырып, әйелдерге қарағанда еркектерге көбірек берілген 11 есімдердің соңы «п» немесе «r» әрпіне аяқталатындығын, қыздардың есімдерінің көбі «а» әрпіне бітетіндіктен, Дакота есімі 2010 жылдан бастап қыздар арасында да көп қолданыла бастағандығын айтады [9, 235-б.]. Орыс тілінде әйел есімдері негізінен «а» және «я» әріптерімен аяқталады. Бір ғана «Любовь» есімі «жіңішкелік белгісімен» аяқталады. Оны орыс тіліндегі тек категориясының қосымшаларымен байланыстыруға болады. Дегенмен, ер азаматтарды әйелдердің есімімен атау факторлары да кездеседі.

Талдау мен нәтижелер

«Qazaqgrammer» инстаграм парақшасында қазақ тіліндегі ұлға да, қызға да қойылып жүрген жүз есім берілген (1-кесте).

Берілген бұл есімдер құрамына қарай біртүбірлі және көптүбірлі деп бөліп қарастырылды.

Бір түбірлі қосжынысты есімдер: Айдын, Айман, Алтын, Анар, Аңсаған, Аңсар, Арай, Ардақ, Арман, Асыл, Аян, Әуез, Бағдат, Бағлан, Бақыт, Баян, Бейбіт, Береке, Ғани, Дархан, Дәурен, Дидар, Ермек, Жалғас, Жанар, Жанат, Жансая, Жарқын, Жеңіс, Жұлдыз, Камал, Кенже, Қайрат, Қанағат, Қаршыға Қасиет, Қуандық, Қуаныш, Ләззат, Манат, Марал, Мархаббат, Махаббат, Мақсат, Мейір, Мейірім, Мейрам, Мерей, Мереке, Назым, Өркен, Райхан, Рауан, Рахат, Сағадат, Сағыныш, Саламат, Салтанат, Самал, Сұңқар, Сымбат, Тұрар, Үміт, Шалқар, Шапағат, Шаттық, Шуақ, Шынар, Шырақ, Ырыс, Іңкәр.

Екі түбірлі қосжынысты есімдердің құрамындағы есімқұраушы негізгі компонент ретінде *ай*, *ақ*, *жан*, *хан*, *нұр*, *бек* идентификаторларынан құралған екі түбірлі есімдер кездесті:

Ай: Айзат, Айжан, Айнұр, Алтынай, Нұрай;

Ақ: Ақжан, Ақжүніс, Ақниет, Ақнұр, Ақтілек;

Жан: Айжан Нұржан, Саяжан, Айтжан, Ақжан, Асылжан, Аяжан, Бақытжан, Жанбота, Жаннұр, Қалжан, Мейіржан,

Хан: Асылхан, Нұрхан;

Нұр: Елнұр, Айнұр, Ақнұр, Жаннұр, Нұрай, Нұрасыл, Нұрбақыт, Нұржан, Нұрзат, Нұрлан, Нұршат, Нұрхан;

Бек: Бекзат.

1-кесте – Қазақ тіліндегі қос жынысты есімдердің тізімі

Айдын	Аңсаған	Бақытжан	Жанбота	Мейірім	Назым	Саяжан
Айзат	Аңсар	Баян	Жаннұр	Мереке	Нұрай	Нұржан
Айжан	Арай	Бейбіт	Жансая	Назым	Нұрасыл	Сұңқар
Айман	Ардақ	Бекзат	Жарқын	Нұрбақыт	Нұрзат	Сымбат
Айнұр	Арман	Береке	Жеңіс	Нұрлан	Нұрхан	Тұрар
Айтжан	Асыл	Ғани	Жұлдыз	Мархабат	Өркен	Үміт
Ақжан	Асылжан	Дархан	Камал	Махаббат	Райхан	Шалқар
Ақжүніс	Асылхан	Дәурен	Кенже	Мақсат	Рауан	Шапағат
Ақниет	Аяжан	Дидар	Қайрат	Мейір	Рахат	Шаттық
Ақнұр	Аян	Елнұр	Қалжан	Мейіржан	Сағадат	Шуақ
Ақтілек	Әуез	Ермек	Қанағат	Мейірім	Сағыныш	Шынар
Алтын	Бағдат	Жалғас	Қуандық	Мейрам	Саламат	Шырақ
Алтынай	Бағлан	Жанар	Марал	Мерей	Салтанат	Ырыс
Анар	Бақыт	Жанат	Мақсат	Мереке	Самал	Іңкәр

Дереккөз: «Qazaqgrammer» инстаграм парақшасынан алынды.

Қазақ есімдері халықтың тарихы мен мәдениетінен хабар беріп отыратын тілдік тірі бірліктер. Қазақ антропонимиясының тарихы өте ерте кезден басталады. Оның түркі халықтарының тарихымен тікелей байланысы бар. Қазақ ономастикасының атасы, қазақ антропонимиясының негізін қалыптастырушы ғалым Т. Жанұзақов қазақ тіліндегі антропонимдердің тарихынан бастап дамуын саралай келе үлкен төрт дәуірге бөліп қарастырған [10, 14–15-бб.]. Антропонимдерді зерттеуші ғалым Ұ.А. Мұсабекова Т. Жанұзақовтың бөлу қағидасына өзінің пікірін білдіре отырып, оған тағы бір бөліністі қосуды ұсынады [11, 16-б]. Нәтижесінде қазақ антропонимиясының пайда болуы мен дамуына байланысты бес дәуірді көрсетеді. Қазақ антропонимиясын тіл тарихын заманауи әдістер арқылы зерттеуші ғалым Г.Б. Мадиева қазақ атропонимиясы дамуының «посткеңестік кезең» дәуірін енгізеді [12, 86 б.]. Бұл тарихи бөліністерді талдап, саралап, қазақ кісі есімдерінің тарихын тіл тарихымен тікелей байланыстыра отырып жас маман Ы.Ә. Тұранов жеті кезеңге бөліп қарастыруды ұсынады [13, 213-б]. Жоғарыда аталған ғаалымдардың еңбектеріндегі қазақ есімдерін қарастыратын болсақ, олардың құрамы қазіргі уақытта біршама өзгеріске түскенін байқауға болады. Түркі немесе исламның келуімен байланысты дәуірлерде есімдердің қойылуында мағына алғашқы орында тұрса, посткеңестік дәуірден бастап айтуға жеңіл, есте сақталуы оңай, дыбысталуы әуезді есімдер көбейе түскенін байқауға болады. Зерттеушілердің еңбектерінде антропонимдік қордың мағыналарына да байланысты түрлі пікірлер бар. Жалпы қазақ тілінің грамматикасында жынысты ажырататын тілдік категория жоқ. Бірақ кісі есімдері лингвистикалық бірлік болса да онда жыныстық ажырату белгілері кездеседі. Бұл туралы Әйгерім Әлиакбарова өзінің докторлық диссертациясында бірнеше ғалымдардың пікірін келтіре отырып, ер мен әйел антропонимдерінің лексикалық жүйесінен гендерлік айырмашылықты байқауға болатындығын айтады. «Ер антропонимдері аңдарға, құстарға байланысты атаулардан болса, ал әйел антропонимдері өсімдік, мата атауларынан қойылған» [7, 89-б.]. Автор қазақ кісі

есімдерінің лексика-семантикалық топтарын бөлгенде де ер және әйел есімдері деп бөліп отырғанымен ұлға мен қызға қойылатын ортақ есімдер кездесетіндігін айтады. Сонымен қатар, ғалым заманауи есімдердің арасында ер және әйел антропонимдерін ажыратуға мүмкіндік беретін «-а» қосымшасының пайда болғанын мысалдар арқылы дәлелдейді. Антропокомпонеттер арасында «ер» компоненті ер есімдерін жасауда, «гүл» компоненті әйел есімдерін жасауда кеңінен қолданылады. Сондай-ақ гендерлік айырмашылықты ажыратуға мүмкіндік беретін антропокомпонеттер де бар [7, 102-б.]. Соңғы уақытта қазақ әйел кісі есімдерінің соңында орыс тіліне еліктеуден туған «а» қосымшасымен айту үрдісі ашық айтуға болған. Асела, Асема, Жанара, Гульнара тағы басқа. Орыс тілінде бір ғана әйел есімі жіңішкелік белгісімен аяқталады. Қалған әйел есімдерінің екі дауысты – «а» мен «я» дыбыстарына бітеді: Анастасия, Мария, Ксения, Анна, Елизавета, Оксана.

Біз үлгі ретінде отырған алып қазақ тіліндегі қосжынысты есімдерді қойылу уәжі мен мағыналарына қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

1. Абстарктілі мағынаны білдіретін есімдер: Айдын, Шапағат, Махаббат, Сағыныш, Сағадат, Саламат, Шынар, Шалқар, Ермек, Арай, Береке, Рауан, Нұрасыл.

2. Сезімді, адамның эмоциялық сезіміне бағытталған есімдер: Рахат, Шаттық, Қанағат, Мейіржан, Мейірім, Қуандық, Шуақ, Бақытжан, Сағыныш, Мейір, Бакыт, Нұрбақыт Махаббат, Жарқын, Іңкәр, Қуаныш, Салтанат, Мейрам.

3. Адамның арман, мақсатын білдіретін сөздерден жасалған есімдер: Жалғас, Аңсаған, Аңсар, Мақсат, Тұрар, Үміт, Жеңіс, Өркен, Ақгілек, Бейбіт, Нұрлан, Арман, Ақниет.

4. Фауна мен флорадан жасалған есімдер: Анар, Бағлан, Марал, Сұңқар, Райхан, Жанат.

5. Адамның бойындағы қасиеттері мен дене келбеті: Асылжан, Ақжүніс, Жұлдыз, Дидар, Сымбат, Асыл, Ақжан, Айман, Баян, Ардақ, Камал, Дархан, Ғани, Алтынай, Қайрат.


6. Басқа мағыналар: Айзат, Жанар, Айжан, Жанбота, Мерей, Айнұр, Қалжан, Елнұр, Әуез, Алтын, Кенже, Аян, Мархабат, Нұрхан, Дәурен, Аяжан, Ақнұр, Нұрзат, Асылхан, Нұржан, Саяжан, Нұрай, Назым, Мереке, Шырақ, Жаннұр.

Есімдердің мағыналарына қарай топтағанда негізінен бейтараптылық мағыналардағы сөздер жасалғандығын байқауға болады. Әсіресе сезім, эмоция, адамның жаны, рахаты, бақыты деген абстракттілі мағыналарды беретін есімдер қосжынысқа беріле береді. Осындай мағынадағы есімдердің бірнешеуін ашып көрсетуді жөн көріп отырмыз. *Бақыт (Бақытжан, Баян – түркі тілінен аударғанда бақыт)* – парсы тілінен аударғанда – «бақыт», *Ләззат (Ләзат)* – араб тілінен аударғанда – «бақыт», «рахат» деген мағыналарды білдіреді. Сын есімнен жасалған кейбір есімдердің өзі қосжыныстың да сол қасиеттерге ие бола алатындығын көрсете алады: *Бекзат* – «әмірші», «ханзада», «қожа», *Ғани* – «бай», «гүлденген», «асыл», «бай». *Кенже* – отбасындағы соңғы туылған қызға да, балаға да қойылатын есімдер. *Мереке, Жеңіс* деген есімдер де есімнің әлеуметтік бағытын білдіреді. Мереке күндері туылған балаларға қойылатын Айтхан, Рамазан деген есімдер де осының жалғасы.

Қосжынысты есімдерді берудің қазіргі замандағы үрдісін және адам психологиясына әсерін анықтау мақсатында Назарбаев университеті студенттерімен сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға жалпы 70 адам қатысты және қатысушыларға 6 сұрақ қойылды. Негізі сұрақтың бұлай қойылуының алдында қатысушылармен осы тақырып туралы ақпарат берілді әлеуметтік желідегі берілген кестені талқылап, ұлттық ерекшеліктер туралы, есімдердің құндылықтардың бірі екендігі айтылған жұмыстар жүргізілді.

1. Сіздің есіміңіз қосжыныстыға жата ма?
2. Сіздің қосжынысты есімді ауыстырғыңыз келе ме?
3. Сіз ұрпағыңызға қосжынысты есім беретін бе едіңіз?
4. Осы есімдер адамның психологиясына теріс әсер етеді деп ойлайсыз ба?

Алғашқы сұрақ бойынша сұраққа студенттердің 40 пайызы өз есімдерін қосжынысты есімдерге жатқызбайды (1-сурет). Сұрақтар анонимді түрде өткізілгендіктен қатысушылардың есіміне талдау жасау мүмкін емес. Егер сауалнамаға қатысушылардың есімдерін біліп, талдау жасайтын болсақ, бұл пайчарт көрсеткіштерінің өзгеруі мүмкін еді. Себебі «Qazaqgrammer» инстаграм парақшасында «Қосжынысты» кейбір есімдері бар кісілер ол аттар туралы нақты білмейтіндіктерін жазған.




1-сурет – Өз есімдерін қосжынысты есімдерге жатқызбайды

Сауалнамадағы екінші сұрақ бойынша есімдері қостектіге жататын адамдардың тек 13% ғана аттарын ауыстырғысы келеді, 36% адамдар унисекс есімдеріне қарсы емес, қалғанын есімдері ол туралы бейтарап ойда болып отыр (2-сурет).




2-сурет – Аттарын ауыстыру бойынша нәтиже

Сауалнамадағы кезекті болашақ ұрпағыңызға қосжынысты есім беру туралы болған еді. Бұл мәселе бойынша қазіргі жастардың таңдауы нақ екіге бөлінді (3-сурет). Соған қарағанда есімнің жынысты білдіру тенденциясы өзекті болып отырғанын көрсетеді. Қазақ халқының есім беру тарихындағы қыз балаларды әдемілікке, нәзіктікке баулайтын, ал ер балаларды батырлыққа, ерлікке, батылдыққа жетелейтін есімдер беру үрдісін біздің сауалнама нәтижелері болашақта өзгеріске түсу ықтималдылығының жоғары екендігін көрсетеді.



3-сурет – Болашақ ұрпаққа есім беруде қосжынысты есімді таңдау бойынша нәтиже

Қосжынысты есімдердің психологияға, еңбек нарығына, дос болуға әсер етуі мүмкіндігі туралы ойларын білу мақсатында қойылған сұрақтың нәтижесінде айырмашалықтың үлкен екендігі байқалды (4-сурет).



4-сурет – Қосжынысты есімдердің еңбек нарығына әсері бойынша нәтиже

Кейбір студенттер өз есімдерінің қосжынысты екенін білмесе де, кейде мағыналарына байланысты қиындықтардың кездесіп жататындығын немесе керісінше шабыт беріп, көмектесіп жіберетіндіктерін жазған. Бірақ, қос жынысты есімдер туралы көбінің пікірі жоғары. Тек 21,4 пайыз студент ғана кері әсер етуі мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді. Бұл сауалнама қорытындысы да алдыңғы нәтижедегідей болашақта есімдердің жынысқа қарамай берілу тенденциясының жоғарылау мүмкіндігінің бар екендігін көрсетеді.

Қорытынды

Стереотиптер біртіндеп жойылатын біздің қазіргі қоғамда барған сайын өзекті болып келе жатқан құбылыстардың бірі – қосжынысты есімдер. Ерге де, әйелдерге де бірдей қойыла беретін есімдер жеке тұлғаны ғана емес, сонымен қатар гендерлік рөлдерді қабылдаудағы әлеуметтік-мәдени өзгерістерді көрсетеді. Қосжынысты есімдерді берудің бірнеше ерекшеліктерін атап өтуге болады. Қосжынысты есімдер гендерлік шектеулерге қарамастан жеке тұлғаны қарастырудың бірегей мүмкіндігін береді. Бұл атаулар қоғамда өзін-өзі анықтауға икемділікті қамтамасыз ете отырып, өзін-өзі көрсету және таңдау үшін

бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерді ашады. Сонымен қатар мәдениеттер мен ұлттар арасындағы қашықтықты қысқартуда да маңызды рөл атқарады. Жаһандану барған сайын байқалатын әлемде әртүрлі мәдени контексттерге оңай бейімделетін атауларды қолдану бірлік пен түсіністікке ықпал етеді.

Жаһандану кезеңінде балаға есім беру тенденциясы да өзгеріске түсуде. Антропонимияда пайда болған «юнисекс есімдер» термині осы өзгерістердің біріне жатады. Биологиялық жыныстардың әлеуметтік теңдігіне үлкен мән беріп келе жатқан әлемдік қоғамда сәбиге қосжынысты есім беру үрдісінің белең алуы заңды процесс болып отыр. Оның негізінде баланы гендерлік қысымсыз тәрбиелеу мен қоғамда өзін еркін сезінуіне мүмкіндіктері жатыр. Бұл сән үрдісі ғана емес, сонымен қатар қоғамның жеке бостандық пен теңдік туралы өзгертін көзқарасының көрінісі. Бұл атаулар өзін-өзі көрсету, мәдениеттерді біріктіру және ескірген стереотиптерді шақыру үшін кеңістік құруда маңызды рөл атқарады. Нәтижесінде бізде қоғам құрудың бірегей мүмкіндігі бар, онда әрбір есім адамның жынысына емес, оның құндылықтарына ие.

Қорыта келгенде, мақаланың мақсатына байланысты қазіргі замандағы қосжынысты есімдердің қазақ тіліндегі көрінісі туралы айтылды. Қолданыстағы есімдердің біршамасы таңдап алынып, олар құрылымына және мағыналарына қарап топтап көрсетілді. Сауалнама және деректердің нәтижелерін назарға ала отырып, қос жынысты есімдердің қазіргі заманда кең таралғанын білуге болады. Олар дүниенің басым мемлекеттерінде кездеседі. Тек Исландия және Германия сынды елдердің есімдер адамның жынысын білдіру керек деген шектеулер бар. Бұндай жағдайды жыныстарды шатастырып, құжат рәсімдеу қиындықтарын тудырумен қатар, адамға өзін анықтауға кедергі келтіретіндіктерімен түсіндіреді. Қазақстанға келер болсақ, бұл елде де жынысты анықтауға мүмкіндік бермейтін есімдер кең таралып жатыр. Олар көбінесе қысқа және көзшаламға оңай көрінеді. Ата-аналардың балаларына бейтарап есім беруінің тағы бір себебі осы сияқты. Бұл болжам болашақтағы зерттеудің мақсаты болып көрініп тұр.

Бұл мақала ҚР ҒЖБ 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру бойынша «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы гендерлік білім берудің ғылыми тұжырымдамасы: теориялық-әдіснамалық негіздері» (AP19680587) атты жоба аясында дайындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Suleimenova G.S. Effectiveness of Teaching Kazakh Onomastics and Toponyms to University Students // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4(130). – Б. 318–328. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.26>
2. Lag om personnamn. [Electronic resource]. URL: https://www.riksdagen.se/sv/dokument-och-lagar/dokument/svensk-forfattningssamling/lag-20161013-om-personnamn_sfs-2016-1013/ (date of access 15.08.2024)
3. Alvarez L. Jens and Vita, but Molli? Danes Favor Common Names. – 2004. [Electronic resource]. URL: <http://www.nytimes.com/2004/10/08/world/europe/jens-and-vita-but-molli-danes-favor-common-names.html> (date of access 15.08.2024)
4. Tagliabue J. A Swede by Any Other Name. In Fact, Many Swedes. – 2011. [Electronic resource]. URL: <http://www.nytimes.com/2011/02/01/world/europe/01stockholm.html> (date of access 15.08.2024)
5. Marszal A. Why you can't be called Duncan in Iceland. – 2014. [Electronic resource]. URL: <http://www.telegraph.co.uk/news/worldnews/europe/iceland/10930163/Why-you-cant-be-called-Duncan-in-Iceland.html> (date of access 15.08.2024)
6. Bertrand M., Mullainathan S. Are Emily and Greg More Employable Than Lakisha and Jamal? A Field Experiment on Labor Market Discrimination // The American Economic Review. – 2004, September.

7. Әлиакбарова А.Т. Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы заманауи қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2020. – 278 б.
8. Barry H., Harper A. Feminization of unisex names from 1960 to 1990 // Names. – 1993. – Т. 41, №4. <https://doi.org/10.1179/nam.1993.41.4.228>
9. Barry H., Harper A. Unisex names for babies born in Pennsylvania 1990–2010 // Names: A Journal of Onomastics. – 2014. – Т. 62, №1. <https://doi.org/10.1179/0027773813Z.000000000060>
10. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы (Лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау). – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.
11. Мусабекова У.А. Мотивациялық аспект антропонимдердің қазақ және орыс тілдеріндегі көрінісі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, 1996. – 24 б.
12. Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. – 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 239 б.
13. Тұранов Ы.Ә. Қазақ антропонимдерін дәуірлеу мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. – №5–6 (139–140). – Б. 211–216.

REFERENCES

1. Suleimenova G.S. Effectiveness of Teaching Kazakh Onomastics and Toponyms to University Students // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №4(130). – Б. 318–328. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.26>
2. Lag om personnamn. [Electronic resource]. URL: https://www.riksdagen.se/sv/dokument-och-lagar/dokument/svensk-forfattningssamling/lag-20161013-om-personnamn_sfs-2016-1013/ (date of access 15.08.2024)
3. Alvarez L. Jens and Vita, but Molli? Danes Favor Common Names. – 2004. [Electronic resource]. URL: <http://www.nytimes.com/2004/10/08/world/europe/jens-and-vita-but-molli-danes-favor-common-names.html> (date of access 15.08.2024)
4. Tagliabue J. A Swede by Any Other Name. In Fact, Many Swedes. – 2011. [Electronic resource]. URL: <http://www.nytimes.com/2011/02/01/world/europe/01stockholm.html> (date of access 15.08.2024)
5. Marszal A. Why you can't be called Duncan in Iceland. – 2014. [Electronic resource]. URL: <http://www.telegraph.co.uk/news/worldnews/europe/iceland/10930163/Why-you-cant-be-called-Duncan-in-Iceland.html> (date of access 15.08.2024)
6. Bertrand M., Mullainathan S. Are Emily and Greg More Employable Than Lakisha and Jamal? A Field Experiment on Labor Market Discrimination // The American Economic Review. – 2004, September.
7. Aliakbarova A.T. Zhana aleumettik-madeni zhagdaidagy zamanau qazaq antroponimiasy: transmissia, transformacia: filol. gyl. dok. ... dis. [Modern Kazakh anthroponymy in a new socio-cultural context: transmission, transformation: dis.]. – Almaty, 2020. – 278 b. [in Kazakh]
8. Barry H., Harper A. Feminization of unisex names from 1960 to 1990 // Names. – 1993. – Т. 41, №4. <https://doi.org/10.1179/nam.1993.41.4.228>
9. Barry H., Harper A. Unisex names for babies born in Pennsylvania 1990–2010 // Names: A Journal of Onomastics. – 2014. – Т. 62, №1. <https://doi.org/10.1179/0027773813Z.000000000060>
10. Zhanuzaqov T.Zh. Qazaq esimderinin tarihy (Lingvistikalıy zhane tarihi-etnografialıy taldau) [History of Kazakh names (linguistic and historical and ethnographic analysis)]. – Almaty: Gylım, 1971. – 218 b. [in Kazakh]
11. Musabekova U.A. Motivacialıy aspekt antroponimderdin qazaq zhane orys tilderindegi korinisi: filol. gyl. kand. ... avtoref. [Motivational aspect expression of anthroponyms in Kazakh and Russian: abstract]. – Almaty: Abai atyndagy Almaty memlekettik universiteti, 1996. – 24 b. [in Kazakh]
12. Madiyeva G.B. Imia sobstvennoe v kontekste poznanıa [Proper name in the context of cognition]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2010. – 239 b. [in Kazakh]
13. Turanov U.A. Qazaq antroponimderin dauirleu maseleleri [Problems of the epoch-making of Kazakh anthroponyms] // QazUU habarshysy. Filologia seriasy. – 2012. – №5–6 (139–140). – Б. 211–216. [in Kazakh]